

## Ғылыми кеңес туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1 Осы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2007 жылғы 22 қарашадағы № 574 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі қызметінің үлгілік қағидаларына және оны сайлау тәртібіне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 236 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы" (бұдан әрі – Академия) республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын басшылыққа алып әзірленді.

2 Осы Ереже Академияның Ғылыми кеңесінің (бұдан әрі – Ғылыми кеңес) құрылымын, функцияларын, қызмет саласын және жұмысын ұйымдастыруды белгілейді.

3 Ғылыми кеңес жоғары алқалы, сайланбалы, өкілді басқару органы болып табылады, оның шешімдері Төраға бекіткеннен кейін Академияның барлық құрылымдық бөлімшелері орындауға міндетті.

4 Ғылыми кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Академияның Жарғысын, Регламентін және осы Ережені басшылыққа алады.

5 Ғылыми кеңестің қызметі оның құзыретіне кіретін мәселелерді ұжымдық талқылаудың жариялылығына негізделеді.

### 2. Ғылыми кеңестің қағидаттары

6 Ғылыми кеңестің қызметі мынадай қағидаттарда жүзеге асырылады:

1) жариялық (Ғылыми кеңестің әрбір мүшесінің күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысу құқығы);

2) ашықтық (кеңестің әрбір мүшесі үшін Ғылыми кеңестің жұмысы туралы ақпаратқа еркін қол жеткізу);

3) жариялылық (академия қызметкерлерінің Ғылыми кеңес төрағасы қабылдағаннан және бекіткеннен кейін олардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша Ғылыми кеңестің шешімдерімен танысу мүмкіндігі);

4) Ғылыми кеңес мүшелерінің шешімдерді талқылау мен қабылдаудағы алқалылығы;

5) демократизм (айтылған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, жан-жақты талқылаудан кейін көпшілік дауыспен шешім қабылдау).

## **Ғылыми кеңес туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1 Осы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2007 жылғы 22 қарашадағы № 574 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі қызметінің үлгілік қағидаларына және оны сайлау тәртібіне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 236 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы" (бұдан әрі – Академия) республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын басшылыққа алып әзірленді.

2 Осы Ереже Академияның Ғылыми кеңесінің (бұдан әрі – Ғылыми кеңес) құрылымын, функцияларын, қызмет саласын және жұмысын ұйымдастыруды белгілейді.

3 Ғылыми кеңес жоғары алқалы, сайланбалы, өкілді басқару органы болып табылады, оның шешімдері Төраға бекіткеннен кейін Академияның барлық құрылымдық бөлімшелері орындауға міндетті.

4 Ғылыми кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Академияның Жарғысын, Регламентін және осы Ережені басшылыққа алады.

5 Ғылыми кеңестің қызметі оның құзыретіне кіретін мәселелерді ұжымдық талқылаудың жариялылығына негізделеді.

### **2. Ғылыми кеңестің қағидаттары**

6 Ғылыми кеңестің қызметі мынадай қағидаттарда жүзеге асырылады:

1) жариялық (Ғылыми кеңестің әрбір мүшесінің күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысу құқығы);

2) ашықтық (кеңестің әрбір мүшесі үшін Ғылыми кеңестің жұмысы туралы ақпаратқа еркін қол жеткізу);

3) жариялылық (академия қызметкерлерінің Ғылыми кеңес төрағасы қабылдағаннан және бекіткеннен кейін олардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша Ғылыми кеңестің шешімдерімен танысу мүмкіндігі);

4) Ғылыми кеңес мүшелерінің шешімдерді талқылау мен қабылдаудағы алқалылығы;

5) демократизм (айтылған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, жан-жақты талқылаудан кейін көпшілік дауыспен шешім қабылдау).

### **3. Ғылыми кеңестің құрылымы**

7 Ғылыми кеңес Академия бастығының бұйрығымен құрылады.

8 Ғылыми кеңестің құрамына Академия бастығы, Академия бастығының орынбасарлары, Ғылыми хатшы, факультеттердің, орталықтардың, кафедралардың, бөлімдердің, қызметтердің бастықтары, жетекші ғалымдар мен мамандар, Академияның білім алушылары кіруі мүмкін. Ғылыми кеңестің құрамы Академия бастығының бұйрығымен бекітіледі.

9 Академия бастығы Ғылыми кеңестің төрағасы болып табылады. Төраға Ғылыми кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Академия жарғысына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

10 Төраға Ғылыми кеңес төрағасының орынбасарын тағайындайды. Ғылыми қызметке жетекшілік ететін Академия бастығының орынбасары Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары болып табылады.

11 Ғылыми кеңестің отырысы, егер оған оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, құқылы болып табылады.

12 Ғылыми кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады және мүшелердің тақ санынан тұрады. Қажет болған жағдайда жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

### **4. Ғылыми кеңес қызметінің мақсаттары**

13 Ғылыми кеңес қызметінің мақсаттары:

- 1) академияны жетілдіруге жәрдемдесу;
- 2) қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін ИМ жүйесінің жоғары білікті мамандарын даярлау мақсатында академия басшылығының, оның профессорлық-оқытушылық құрамының, әкімшілік-басқарушылық персоналының, оқу-саптық бөлімшелерінің, оқу-көмекші персоналының және қызмет көрсетуші персоналдың күш-жігерін біріктіру;
- 3) Академияның кәсіптік білім беру бағдарламалары мен даму стратегиясын табысты іске асыру үшін Академияның білім алушылары мен профессор-оқытушылар құрамы үшін қажетті жағдайлар жасау.

### **5. Ғылыми кеңестің құзыреті**

14 Ғылыми кеңестің құзыретіне:

- 1) Академияның Даму стратегиясы мен тұжырымдамасын айқындау;
- 2) ЖОО құрылымын бекіту;
- 3) ЖОО Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 4) ЖОО-ның оқу және ғылыми бөлімшелерін (зертханалар, кафедралар, факультеттер және басқалар) құру, қайта ұйымдастыру және тарату;
- 5) редакциялық-баспа қызметтің мәселелерін қарау;
- 6) Академияның негізгі іс-шаралар жоспарын қарау және мақұлдау, Академияның ғылыми зерттеу қызметінің жоспарын (ҒЗЖ), Ғылыми кеңес

туралы ережені бекіту және Академия қызметінің негізгі бағыттары бойынша шешім қабылдау;

7) Академияның оқу, ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңызды мәселелерін, сондай-ақ Академияның ауыспалы құрамын құрудың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін қарау және олар бойынша шешім қабылдау;

8) жоғары кәсіптік білім берудің көп деңгейлі жүйесі бойынша мамандар даярлаудың жаңа бағыттарын, оқыту мерзімдері мен нысандарын айқындау;

9) Академияның құрылымдық бөлімшелері басшыларының қызметінің негізгі бағыттары бойынша жыл сайынғы есептерін тындау;

10) оқу жоспарларының жобаларын, ғылыми-зерттеу қызметінің, редакциялық-баспа жұмысының жоспарларын, Академияның ғылыми-педагог кадрларының біліктілігін арттыру жоспарларын, жылдық есептерді қарау, талқылау және бекіту;

11) Өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Академияның ғылыми зерттеулерінің перспективалық, іргелі және қолданбалы бағыттарын айқындау және олардың орындалуын үйлестіру;

12) Академияның бағдарламалары мен жоспарларын, сондай-ақ ғылыми іздестіру зерттеулерінің нәтижелері туралы аралық және қорытынды есептерді қарау және бекіту;

13) оқулықтарды, оқу құралдарын және оқу-әдістемелік әзірлемелерді, монографияларды қарау және басып шығаруға ұсыну;

14) үкіметтік наградалар мен құрметті атақтарға, атаулы стипендиялар мен сыйлықтарға ұсыну мәселелерін қарау;

15) Академия ғалымдары мен мамандарының Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарымен, сондай-ақ басқа елдердің жоғары оқу орындарымен шығармашылық байланыстарын үйлестіру;

16) диссертациялық зерттеулер тақырыптарын, магистранттардың ғылыми жетекшілерін және докторанттардың диссертациялық зерттеулер жөніндегі ғылыми консультанттарын бекіту;

17) кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қарау;

18) түлектерді Қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының қорытындыларын қарау;

19) Академия факультеттерінің, орталықтарының, кафедраларының, бөлімдерінің оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие қызметі туралы есептерді қарау;

20) күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша жеке құрамға сыйақы беру мәселесін қарау және ол бойынша шешім қабылдау;

21) профессордың, қауымдастырылған профессордың (доценттің) ғылыми атақтарға ұсынылуы туралы мәселелерді қарау;

22) Ғылыми кеңес мүшелері құрамының 2/3 пікірі бойынша Ғылыми кеңестің құзыретіне жатқызылуы тиіс мәселелерді қарау;

23) Академияның кәсіптік бағдар беру қызметіне қатысты мәселелерді қарау.

24) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Академия жарғысына және Академияның жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес Академияның Ғылыми кеңесінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдау.

## **6. Ғылыми кеңес комиссиялары**

15 Ғылыми кеңес оның мүшелері, сондай-ақ Академияның профессорлық-оқытушылық құрамы қатарынан комиссиялар, Академия қызметінің негізгі бағыттары бойынша өздерінің негізделген ұсыныстары мен ұсыныстарын ұсынатын жұмыс топтарын құра алады.

16 Өз жұмысында комиссиялар, жұмыс топтары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Академияның Жарғысы мен регламентін, Ғылыми кеңес төрағасының өкімдері мен бұйрықтарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **7. Ғылыми кеңес төрағасының, оның орынбасарының өкілеттіктері**

17 Ғылыми кеңестің төрағасы:

- 1) Ғылыми кеңестің отырыстарын өткізеді;
- 2) Академияның оқу, ғылыми, ұйымдастыру-басқару қызметін жетілдіру мәселелерін шешуге қатысады;
- 3) Ғылыми кеңестің кезекті және жоспардан тыс отырысының күні туралы шешім қабылдайды;
- 4) өзінің бастамасы немесе Ғылыми кеңес мүшелерінің 1/3 бастамасы бойынша Ғылыми кеңестің жоспардан тыс отырысын тағайындайды;
- 5) Ғылыми кеңес отырысының күн тәртібіне жедел қарауды талап ететін мәселелерді енгізеді;
- 6) жекелеген мәселелерді талқылауды алып тастау немесе Ғылыми кеңестің басқа отырысына көшіру туралы шешім қабылдайды;
- 7) Ғылыми кеңесті өткізу регламентін айқындайды;
- 8) Ғылыми кеңестің қарауына жатқызылған құжаттарға қол қояды;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Академия жұмысының регламентіне және Академия Жарғысына сәйкес Ғылыми кеңестің қызметін ұйымдастырудың өзге де мәселелерін шешеді.

18 Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары ол болмаған жағдайда Ғылыми кеңес төрағасының міндеттерін атқарады, оған Ғылыми кеңес төрағасы жүктеген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

## **8. Ғылыми хатшының өкілеттіктері**

19 Ғылыми хатшы:

- 1) Академия қызметінің негізгі бағыттары бөлінісінде Ғылыми кеңестің оқу жылына арналған жұмысын ұйымдастырады және жоспарлайды;

2) Академия бастығына Академияның оқу, ғылыми, стратегиялық, ұйымдастыру және басқару қызметін және Ғылыми кеңестің жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Ғылыми кеңес төрағасының алдында Ғылыми кеңестің құжаттамасының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігі үшін дербес жауапты болады;

4) Ғылыми кеңестің төрағасын Ғылыми кеңестің шешімдерінің орындалу барысы туралы, Ғылыми кеңестің отырыстарына дайындық туралы хабардар етеді.

5) Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарын әзірлейді;

6) күн тәртібіндегі мәселелерді алдын ала пысықтауды және тиісті құжаттар мен материалдарды дайындауды жүргізеді, жауапты тұлғалар талқылауға шығаратын мәселелердің дайындалу барысын бақылайды;

7) Ғылыми кеңес отырысының күн тәртібінің жобасын әзірлейді;

8) ұсынылған талдамалық және ақпараттық материалдардың мазмұны мен нысанына сараптама жүргізеді;

9) Ғылыми кеңестің отырыстарына оның мүшелерінің, сондай-ақ шақырылған адамдардың қатысуын қамтамасыз етеді;

10) ғылыми атақтар беру жөніндегі жеке істерді ресімдеуді, оларды Ғылыми кеңесте қарауға дайындауды және Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуды бақылайды;

11) Ғылыми кеңестің күн тәртібіндегі мәселелерді дайындау кезінде консультациялық көмек көрсетеді;

12) Ғылыми кеңестің хаттамалары мен шешімдерінен үзінді көшірмелер дайындайды және береді;

13) Ғылыми кеңес мүшелерін Ғылыми кеңестің құжаттарымен таныстырады;

14) Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылайды;

15) Ғылыми кеңестің қызметі туралы есепке материалдар дайындайды;

16) Ғылыми кеңестің құжаттамасын (отырыстардың хаттамаларын, оларға қосымшаларды, Ғылыми кеңестің өзге де құжаттарын) жүргізеді. Ғылыми хатшы құрылымдық бөлімшелерден Ғылыми кеңестің отырыстарын ұйымдастыру үшін қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға құқылы.

17) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен, құқықтық актілермен және Академия бастығымен жүктелген өзге де міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

## **9. Ғылыми кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

20 Ғылыми кеңестің мүшелері Ғылыми кеңестің барлық отырыстарына қатысуға және оларға кешікпей келуге міндетті.

Ғылыми кеңестің отырысына қатысу мүмкінсіздігі туралы немесе дәлелді себептермен кешіктіру туралы Ғылыми кеңестің мүшелері Ғылыми кеңестің төрағасын Ғылыми хатшы арқылы алдын ала хабардар етеді.

Ғылыми кеңес мүшелері болмаған кезде Ғылыми кеңес отырыстарының жартысынан астамында Ғылыми кеңес төрағасы Ғылыми кеңес мүшелеріне осындай мүшені қайта сайлау туралы жүгінуге құқылы.

Ғылыми кеңес мүшелері тең құқықтар мен міндеттерге ие, Ғылыми кеңес қабылдаған шешімдер үшін бірдей жауап береді.

21 Ғылыми кеңес мүшелері осы Ережеде белгіленген тәртіппен оларды кейіннен талқылау және Ғылыми кеңестің ықтимал қабылдауы үшін кез келген ұсыныстар, ескертулер, құжаттар мен шешімдердің жобаларын енгізуге құқылы.

22 Ғылыми кеңестің мүшелері отырыстарда көтерілетін мәселелер бойынша пікір білдіруге, Ғылыми кеңестің төрағасы мен мүшелеріне және Ғылыми кеңестің отырыстарына қатысатын өзге де адамдарға сұрақтармен жүгінуге, Ғылыми кеңестің қарауына жататын мәселелерді талқылау кезінде және дауыс беру тәртібі бойынша өз ұсыныстарын негіздей отырып сөз сөйлеуге құқылы.

23 Отырысқа қатысып отырған Ғылыми кеңес мүшелерінің көпшілігінің келісімімен төрағалық етуші күн тәртібіндегі мәселені талқылаудың жалпы уақытын, сұрақтар мен жауаптардың жалпы уақытын белгілейді, сөз сөйлеу уақытын ұзарта алады.

24 Ғылыми кеңестің мүшелері – баяндамашылар күн тәртібі мәселесі бойынша ұсынылған құжаттардың мазмұны, уақтылы ұсынылуы және сапасы үшін дербес жауапты болады. Әрбір мәселе бойынша ғылыми хатшы көрсеткен мерзімде қағаз және электрондық жеткізгіштерде, мемлекеттік және орыс тілдерінде тиісті ақпарат және шешім жобасы ұсынылады.

Баяндаманы (хабарламаны, ақпаратты) немесе шешім жобасын елеулі пысықтауды талап ететін ескертулер болған жағдайда, Ғылыми хатшы ұсынылған материалдарды баяндамашыға қайтаруға және оларды пысықтау үшін мерзім белгілеуге құқылы.

Көрсетілген мерзімде материалдар ұсынылмаған жағдайда Ғылыми кеңестің төрағасы осы мәселені күн тәртібінен шығару туралы шешім қабылдауға құқылы.

25 Ғылыми кеңес мүшелері дауыс беру құқығын жеке өзі жүзеге асырады;

26 Бір мәселе бойынша дауыс беру кезінде Ғылыми кеңес мүшелері оны шешім қабылдауға жақтап немесе қарсы бере отырып, не шешім қабылдаудан бас тарта отырып, бір ғана дауысқа ие болады;

27 Ғылыми кеңестің шешімдерін орындауға жауапты адамдар шешімде белгіленген мерзімде осы шешімнің орындалуы немесе оның орындалмауы туралы ғылыми хатшыға себептерін көрсете отырып хабарлауға міндетті. Әйтпесе, шешім орындалмады деп саналады.

## **10. Ғылыми кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі**

28 Ғылыми кеңес демократиялық принциптер бойынша Академия қызметін үйлестіру мен басқарудың бірыңғай жүйесін құрайды.

Ғылыми кеңес өз жұмысын тиісті оқу жылына бекітілген жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

29 Ғылыми кеңес өзінің алғашқы отырысына сайланғаннан және Академия бастығының тиісті бұйрығы шыққаннан кейін бір айдан кешіктірмей жиналады. Оқу жылының басында Ғылыми кеңестің бірінші отырысында төраға Ғылыми кеңестің сайланған мүшелерінің және оның құрамына кіретін мүшелердің лауазымы бойынша тегін хабарлайды.

30 Ғылыми кеңестің отырыстары ашық, дауысты негізде өткізіледі.

31 Ғылыми кеңестің (не оның төрағасының) шешімі бойынша Ғылыми кеңестің отырыстарына Ғылыми кеңес қарайтын мәселелер бойынша қажетті мәліметтер мен қорытындылар беру үшін мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми мекемелердің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, ғалымдар және басқа да мамандар шақырылуы мүмкін.

32 Ғылыми кеңестің отырыстары стенографияланады, хаттама жүргізіледі. Ғылыми кеңестің хаттамасы мен шешімдеріне отырыста төрағалық етуші және Ғылыми хатшы қол қояды.

Ғылыми кеңестің материалдары Академияның істер номенклатурасына сәйкес құжатталуға жатады. Ғылыми кеңес отырыстарының хаттамалары және олардың материалдары тұрақты сақталатын құжаттар болып табылады және актілер бойынша ғылыми хатшылар ауысқан кезде беріледі.

33 Ғылыми кеңестің отырыстары ай сайын, Академия бастығының 2023 жылғы 10 наурыздағы № 52 бұйрығымен бекітілген Регламентке сәйкес, әдетте, жұмыс істемейтін, мереке күндеріне сәйкес келетін күндерді қоспағанда, айдың төртінші сәрсенбесінде өткізіледі.

34 Ғылыми кеңестің жоспардан тыс отырыстары Ғылыми кеңес төрағасының ұсынысы бойынша, сондай-ақ Ғылыми кеңестің тізімдік санының кемінде 1/3 мүшесінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін. Әр жағдайда ғылыми хатшы Ғылыми кеңес мүшелерін кезектен тыс отырыстың күн тәртібі туралы хабардар етеді.

Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселені осы мәселені қарауға мүдделі тұлғалардың ұсынылған баянаты негізінде төрағаның Ғылыми кеңес отырысының күн тәртібіне енгізуі мүмкін.

35 Ғылыми кеңестің кезекті оқу жылына арналған жұмыс жоспары факультеттердің, бөлімдердің, кафедралардың, ғылыми-зерттеу орталығының және Академияның басқа да құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде қалыптастырылады, олар оларды Ғылыми хатшыға ағымдағы оқу жылы аяқталғанға дейін 1 ай бұрын береді.

36 Ғылыми кеңестің кезекті отырысының күн тәртібінің жобасын ғылыми хатшы қалыптастырады және Ғылыми кеңестің төрағасы мақұлдайды.

Ғылыми кеңес отырысының күн тәртібінің жобасы Ғылыми кеңес мүшелеріне жеткізіледі.



Күн тәртібін Ғылыми кеңестің мүшелері Ғылыми кеңестің әрбір отырысының басында бекітеді.

37 Академияның Ғылыми кеңесінің отырысы Ғылыми кеңес мүшелерін келу парағында тіркеуден басталады.

38 Ғылыми кеңестің отырыстары мынадай тәртіпті ұстанады: баяндама; қосымша баяндама (қажеттілігіне қарай); баяндамашыға сұрақтар; талқыланатын мәселенің мазмұны бойынша жарыссөзде сөз сөйлеу (Ғылыми кеңес шешімінің жобасы бойынша ескертулер, Ғылыми кеңес шешімінің жобасына өзгерістер мен қосымша ұсыныстар енгізу); талқыланатын мәселе бойынша Төрағаның қорытынды сөзі.

Төраға баяндамашының сөзін үзуге не отырысқа қатысып отырған Ғылыми кеңес мүшелерінің көпшілігінің келісімімен сөз сөйлеу уақытын ұзартуға құқылы.

39 Ғылыми кеңес отырысындағы басқа да сөз сөйлеулер төрағаның рұқсатымен ғана тыңдалуы мүмкін.

40 Ғылыми кеңестің шешіміне Ғылыми кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды және орындаушылар мен Ғылыми кеңестің мүшелеріне бір аптадан аспайтын мерзімде жеткізіледі.

41 Ғылыми кеңестің шешімдері оның отырыстарында ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы қабылданады. Ашық дауыс беруді Ғылыми кеңестің отырысында төрағалық етуші жүргізеді. Ғылыми кеңестің мүшелері дауыс беруге қойылған мәселе бойынша өз пікірлерін жауап нұсқаларының бірімен білдіреді: "қолдап", "қарсы", "қолын көтеруден бас тартты". Жасырын дауыс беру бюллетеньдермен жүзеге асырылады.

Егер отырысқа қатысып отырған Ғылыми кеңес мүшелерінің көпшілігі оған дауыс берсе, шешім қабылданды деп есептеледі.

42 Ашық дауыс беру арқылы жасырын дауыс беруді талап етпейтін барлық шешімдер, сондай-ақ Ғылыми кеңестің отырысын өткізу мәселелері бойынша шешімдер қабылданады.

43 Ашық дауыс беру қолды көтеру және берілген дауыстарды санау арқылы жүргізіледі. Дауыстарды санауды Ғылыми хатшы жүргізеді.

44 Жасырын дауыс беруді өткізу және оның нәтижелерін айқындау үшін Ғылыми кеңес Ғылыми кеңес мүшелері арасынан есеп комиссиясын ашық дауыс беру арқылы сайлайды.

Есеп комиссиясының құрамына сайланбайды:

- тегі жасырын дауыс беру бюллетеніне енгізілген адамдар;
- төраға, Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары және ғылыми хатшы;
- жасырын дауыс беру үшін кандидатураларды ұсынатын тұлғалар.

45 Есеп комиссиясы өз құрамынан комиссия төрағасын сайлайды.

46 Әрбір мәселе бойынша Ғылыми кеңестің әрбір мүшесіне дауыс беру үшін жеке бюллетень беріледі.

47 Жасырын дауыс беруге арналған бюллетенді Ғылыми кеңес мүшелері есеп комиссиясы мөр басқан арнайы жәшікке түсіреді.

48 Есеп комиссиясының төрағасын сайлау және жасырын дауыс беру нәтижелері туралы есеп комиссиясы хаттама жасайды, оған есеп комиссиясының барлық мүшелері қол қояды және есеп комиссиясының төрағасы Ғылыми кеңестің отырысында оқиды.

Ғылыми кеңес есеп комиссиясының хаттамасын қатысып отырған Ғылыми кеңес мүшелері санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы бекітеді немесе бекітпейді, соның негізінде төрағалық етуші Ғылыми кеңес қабылдаған шешімдерді жариялайды.

49 Барлық мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелері Ғылыми кеңес отырысының хаттамасына енгізіледі.

## **11. Қорытынды ережелер**

50 Осы Ереже Академия бастығының бұйрығымен қолданысқа енгізілген күннен бастап күшіне енеді.

51 Осы Ережеге Академия бастығының бұйрығымен қолданысқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының Ғылыми кеңестің отырысында талқыланды және мақұлданды

2023 жылғы "06" қыркүйек № 1 хаттама.